

Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі

Жариялау күні: 29.04.2024

Келесі жариялау күні: 12.07.2024

- [1. Негізгі тұстары](#)
- [2. Өңірлер бөлінісіндегі ЖІӨ құрылымы](#)
- [3. Еңбек өнімділігі](#)
- [4. Глоссарий](#)
- [5. Әдіснамалық түсіндірмелер](#)
- [6. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер](#)
- [7. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі тұстары

2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өндірілген Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) көлемі (алдын ала деректер бойынша) 120561096,4 млн.теңгені құрады және алдыңғы жылмен салыстырғанда нақты мәнде 5,1% ға өсті.

Жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) жоғары өсім қарқыны Жетісу облысында (16,2%), Алматы қаласында (10,1%) және Атырау облысында (9,7%) байқалды.

2. Өңірлер бөлінісіндегі ЖІӨ құрылымы

2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда ЖІӨ құрылымындағы ең жоғарғы үлесті Алматы қаласы (20,6%), Атырау облысы (12,4%) және Астана қаласы (10,7%) алды.

1 кесте


2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өңірлер бөлінісіндегі жалпы ішкі өнім (ЖӨӨ)

	Жалпы өңірлік өнім				
	млн.теңге	өңірлердің ЖӨ-дегі үлес салмағы, пайызбен	нақты көлем индексі, өткен жылға пайызбен	жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың. теңге	жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орналасу тәртібі
Қазақстан Республикасы	120 561 096,4	100,0	105,1	6 058,3	x
Абай	3 034 101,7	2,5	105,8	4 983,1	12
Ақмола	3 685 297,6	3,1	99,9	4 676,7	13
Ақтөбе	4 717 853,1	3,9	99,7	5 052,4	11
Алматы	4 974 850,1	4,1	102,4	3 276,2	16
Атырау	14 950 418,3	12,4	109,7	21 401,2	1
Батыс Қазақстан	4 811 055,6	4,0	108,4	6 965,6	6
Жамбыл	3 108 407,6	2,6	101,7	2 547,1	19
Жетісу	1 923 707,9	1,6	116,2	2 754,6	18
Қарағанды	8 449 346,4	7,0	100,1	7 443,5	5
Қостанай	4 613 160,6	3,8	102,4	5 550,6	10
Қызылорда	2 860 036,6	2,4	105,6	3 414,0	15
Маңғыстау	4 866 995,3	4,0	103,0	6 263,7	7
Павлодар	4 346 514,0	3,6	102,2	5 761,2	9
Солтүстік Қазақстан	2 229 282,3	1,8	99,9	4 189,5	14
Түркістан	4 166 425,1	3,5	102,2	1 955,5	20
Ұлытау	1 949 728,3	1,6	99,3	8 802,1	4
Шығыс Қазақстан	4 470 598,5	3,7	103,1	6 135,4	8
Астана қаласы	12 874 957,1	10,7	105,4	9 247,0	3
Алматы қаласы	24 828 705,8	20,6	110,1	11 310,4	2
Шымкент қаласы	3 699 654,5	3,1	105,6	3 064,8	17

2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жан басына шаққандағы ЖІӨ 6058,3 мың теңгені құрады. Өңірлер бөлінісінде бастапқы қатарды Атырау облысы (21401,2 мың теңге), Алматы қаласы (11310,4 мың теңге) және Астана қаласы (9247,0 мың теңге) алды, ал соңғы қатарларды Жетісу (2754,6 мың теңге), Жамбыл (2547,1 мың теңге) және Түркістан (1955,5 мың теңге) облыстары алды.

2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өңірлер бөлінісіндегі жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (жан басына шаққандағы ЖӨӨ)

мың. теңге




ЖІӨ-нің өсуіне Алматы қаласы (1,76 п.т.), Атырау облысы (1,28 п.т.) және Астана қаласы (0,47 п.т.) ең үлкен үлес қосты.

2 сурет

2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өңірлердің ЖІӨ-ге қосқан үлесі

пайыздық тармақтарда



Динамикалық кестелер:

[Жалпы өңірлік өнім](#)

[ЖӨӨ-нің нақты көлем индексі](#)

[Экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖӨӨ және ЖӨӨ НКІ](#)

[Өңірлердің ЖІӨ-гі үлес салмағы, ЖӨӨ-нің құрылымы](#)

[Жан басына шаққандағы ЖӨӨ](#)

[Өңірлер бөлінісіндегі өнеркәсіп салалары бойынша ЖҚҚ](#)

3. Еңбек өнімділігі

2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы (алдын ала деректер бойынша) жалпы экономика бойынша еңбек өнімділігі бір жұмыспен қамтылғанға 11461,4 мың теңгені құрады және алдыңғы жылмен салыстырғанда нақты мәнде 4,6%-ға өскенін көрсетті.

Динамикалық кестелер:

[Экономикалық қызмет түрлері бойынша өңірлер бөлінісіндегі еңбек өнімділігі](#)

[Экономикалық қызмет түрлері бойынша өңірлер бөлінісіндегі еңбек өнімділігінің индексі](#)

4. Глоссарий

Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) – белгілі біруақыт кезеңі ішінде жәнәнарықтық бағамен есептелетін жекелеген өңірдің резидент-өндіруші бірліктерінің өндірістік қызметінің түпкілікті нәтижесі.

Жалпы қосылған құн - экономиканың жекеленген өндірушілері, салалары немесе секторлары енгізген ЖІӨ-ге қосатын үлестің көрсеткіші ретінде қызмет ететін аралық тұтыну құнын шегергендегі жалпы өнімнің құны.

Жалпы шығарылым - есепті кезеңде ұлттық экономиканың резидент-бірліктерінің өндірістік қызметінің нәтижесі болып табылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтық құнын білдіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді шығару.

Аралық тұтыну - өндіріс процесінде түрленетін немесе түгелдей тұтынылатын тауарлар мен қызметтердің құны.

Қосқан үлесі – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің ЖІӨ-нің жалпы мәніне әсер ету шамасы.

Өнімдерге салынатын салықтарға мөлшері өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет құнына тікелей байланысты салықтар жатады.

5. Әдіснамалық түсіндірмелер

Жалпы өңірлік өнім - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгілі бір өңірдің түпкілікті тауарлары мен қызметтерінің құнын білдіреді. ЖӨӨ өндіріс әдісімен есептеледі және экономикалық қызметтің барлық түрлерінің жалпы қосылған құнының сомасын білдіреді және таза салықтарды қамтиды. ЖӨӨ сомасы Жалпы ішкі өнімге тең болуы тиіс.

6. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен ЖІӨ](#)

[Табыстар әдісімен ЖІӨ](#)

[Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ](#)

[Қысқа мерзімді экономикалық индикатор](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Статистика бойынша әдіснамалық ереже](#)

[Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесі](#)

[Ағымдағы және тұрақты бағаларда жалпы өңірлік өнімді есептеу әдістемесі](#)

[Тұрғын үй рентасын бағалау әдістемесі](#)

[Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесі](#)

[Екінші деңгейлі банктердің қаржылық қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Орталық банк қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Зейнетақы қорларының көрсетілетін қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесі](#)

[Сақтандыру қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Өнімдерге және импортқа салынатын салықтарды есепке алу әдістемесі](#)

[Еңбек өнімділігін есептеу әдістемесі](#)

[Ағымдағы және тұрақты бағаларда өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесі](#)

[Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары, Сапа жөніндегі есеп, 2018ж.](#)

[ЖӨӨ, Сапа туралы есеп, 2021ж.](#)

[«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Шығаруға жауапты: Ұлттық шоттар департаменті	Департамент директоры: Ә.Е. Нақыпбеков Тел. +7 7172 74 9717	Орындаушы: Ж.Қ. Сүлейменова Ә.Б. Қабылбекова Тел. +7 7172 74 95 37 E-mail: .suleimenova@aspire.gov.kz, a.kabylbekova@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4-кіреберіс
---	---	---	---
